Приобретенное в рамках проектов оборудование позволяет выполнять запланированные научно-исследовательские работы, расширить спектр научных работ студентов, магистрантов, докторантов. Из года в год идет тенденция увеличения грантов по обучению в магистратуре, увеличивается число магистрантов. Кроме этого, расширяется область аккредитации лаборатории в будущем и возможность для преподавателей, на основе лабораторных исследований, публиковаться в изданиях с высоким импакт-фактором, - сказала Гулия Жумгатовна.

À Î Ç Í À Ì Å Í Î Â À Í È Å Þ Á È Æ Å Û



ГИМН

*Кто ни разу не седлал
в путь походного коня,
сильной дланью не сжимал
древко острого копья,
кто без снеди и без сна
не пытался все познать,
не протер седлом потник,
хоть и видел, но не вник
в то, что пот течет зимой,
хладным может быть и зной,
изголовием – металл,
кто врага в лицо не знал,
не узрел, что им рожденный
сын взрослеет отчужденно,
кто на ложе, даже раз бы,
не сластился женской лаской,
после голода и жажды
не объелся б жирным мясом,
не облит был, хоть однажды,
ложью, подлостью и грязью,
кто не знал любви и боя,
всех лишений и мучений,
разве может быть героем
или просто быть мужчиной?!*



Махамбет Утемисов (1803 - 1846) - выдающийся казахский акын девятнадцатого века. Пламенный поэт, отважный воин, словом и мечом отстаивавший независимость своего народа.

Вся его поэзия, как, впрочем, и жизнь окрашена одним событием - антифеодальным восстанием народа в Букеевской орде в 1835 - 1837 годах под руководством Исатая Тайманова.

Махамбет — первый певец, вышедший из среды аристократии, открыто вставший на сторону народных масс. Его поэзия, полная благородной мести, была «острым мечом», не знающим отдыха и пощады. Поэтические призывы Махамбета обладали колоссальной силой. Развив могучие традиции героических певцов, он значительно углубил личностное начало, переосмыслил старые жанры и формы выражения поэтической мысли, трансформировал привычные образы казахской поэзии, усилил социальные мотивы, что привело к появлению в истории казахской поэзии гражданской лирики.

В 2003 году Западно-Казахстанскому государственному

университету в честь 200-летия было дано имя великого казахского акына – Махамбета Утемисова.


Родившийся в Букеевской Орде (ныне Бокейординский район Западно-Казахстанской области), в истории казахского народа Махамбет занимает особое место. Дерзкий герой, пламенный летописец, он отразил в своей огненной поэзии мятежный дух эпохи. Имя его стало символом неугасимой борьбы и свободолюбия народа, испытавшего много потрясений и бедствий и во все времена умевшего ценить своих героев. Бесстрашие, решительность, поразительный дар убеждения, непоколебимая уверенность в своей правоте – эти неизменные качества мудрых предшественников сохранены и в творчестве Махамбета, прекрасного оратора, вдохновенного борца за народное счастье, одного из народных вождей.

В этом году отмечается 210 лет со дня рождения поэта. В университете утвержден план мероприятий по празднованию юбилейной даты. В числе мероприятий традиционные Махамбетские чтения, выставки, спортивные соревнования, кураторские часы и др.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Махамбет Өтемісұлының 210 жылдық мерейтойына арналып өткізілетін іс-шаралар жоспары

№	Іс-шара атауы	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
1.	Университет атауын «Махамбет атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті» деп өзгертуге ұсыныс дайындау	Ақпан, 2013 Ғылыми Кеңес	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры
2.	«Махамбет - 210» логотипін дайындау	Ақпан, 2013	Мәдениет және өнер факультеті
3.	Университет ғимараттарына баннер дайындау	Ақпан, 2013	Мәдениет және өнер факультеті
4.	«Махамбет мұралары» атты танымдық шара	Ақпан, 2013	Жалпы педагогика, психология және өзін-өзі тану кафедрасы
5.	«Махамбет-210» буклетін дайындау	Мамыр, 2013	Филология факультеті, қазақ филологиясы кафедрасы
6.	«V Махамбет оқулары» атты республикалық конференция өткізу	Мамыр, 2013	Филология факультеті, филология факультетінің деканы
7.	Облыстық студенттер мен оқушылардың үздік ғылыми жұмыстарына байқау	Қазан, 2013	Тарих және құқық факультеті
8.	«Ұлт-азаттық қозғалыс және Махамбет Өтемісұлы» атты дөңгелек үстел	Наурыз, 2013	Тарих және құқық факультеті
9.	Облыстық теледидардан арнайы хабарлар беру	Жыл бойына, 2013	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры
10.	Баспасөз беттерінде мақалалар ұйымдастыру	Жыл бойына, 2013	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, С.Ғ. Шарабасов, С.М. Физзатов, баспасөз қызметі
11.	Барлық топтарда арнайы куратор сағаттарын ұйымдастыру	Наурыз, 2013	Факультет декандары, кураторлар
12.	Барлық факультетте Махамбеттанушылармен кездесулер ұйымдастыру	Жыл бойына	Факультет декандары, кафедра меңгерушілері
13.	«Махамбет - ел азаттығы үшін күрескен ақын, батыр» атты барлық факультеттерде кітап көрмесін ұйымдастыру	Ақпан, 2013	Ғылыми кітапхана директоры
14.	Махамбет Өтемісұлының 210 жылдығына арналған поэзия кеші	Наурыз, 2013	Қазақ филологиясы кафедрасы, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор
15.	Махамбет Өтемісұлының 210 жылдығына арналған «Махамбетті ұлықтар ұрпағымын» тақырыбындағы оқушылардың облыстық шығармалар байқауы	Сәуір, 2013	Қазақ филологиясы кафедрасы, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор
16.	Спорттық турнир өткізу	Қазан, 2013	Педагогикалық факультеті, «Ақжайық» спорт клубы
17.	Махамбет батырды еске алу (ас беру)	Қазан, қараша, 2013	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор

Памяти преподавателей



ХАБДОЛЛАЕВ
Ғалит
Хабдоллаұлы


Батыс Қазақстан өңірі қайғылы жағдайға душар болды. Бейнелеу өнерінің майталманы ХАБДОЛЛАЕВ Ғалит Хабдоллаұлы 2013 жылдың 13 қаңтарында өмірден озды.

1952 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданы Богатый селосында туған.

1972-1977 жылдары ҚазПИ-дің көркемсурет-графика факультетінде оқыған. 1977 жылы ҚазССР Халық ағарту министрлігінің жолдамасымен А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институтының көркемсурет-графика факультетіне келген алғашқы ұстаздардың бірі. 20 жылдай «Сурет» кафедрасының меңгерушісі болды.

Ғалит Хабдоллаев – бейнелеу өнерінің графика саласында көп жылдар жемісті еңбек етті. Бірнеше облыстық, республикалық көрмелерге қатысып, дипломдарға ие болған. Дайындаған шәкірттері Батыс Қазақстан аймағының түкпі-түкпірінде еңбек етіп жүр. Өңіріміздегі есімдері белгілі майталман суретшілердің барлығы дерлік Ғалит Хабдоллаевтан дәріс алған.

Бейнелеу өнері саласында көптеген жылдар абыройлы қызмет атқарып, артында өшпес із қалдырған ұлағатты ұстаз Ғалит Хабдоллаұлының бейнесі мәңгі есімізде қалмақ.



САМАРКИН
Александр
Васильевич

Искусство и культура, широкая общественность Приуралья понесли тяжелую утрату. 26 января 2013 перестало биться сердце композитора-музыковеда, кандидата искусствоведения, доцента, преподававшего в ЗКГУ им.М.Утемисова – Самаркина Александра Васильевича.

Александр Васильевич – член Союза композиторов Казахстана, один из лучших искусствоведов нашего времени, необыкновенный человек широкой и щедрой души, человек-творец, музыковед с энциклопедическими знаниями, преподаватель, воспитавший не одно поколение композиторов, замечательных исполнителей, музыковедов и просто музыкантов.

Александр Самаркин родился 25 февраля 1957 года в г.Уральске. Он обладал прекрасным музыкальным слухом и огромным трудолюбием. В 1976 году с отличием закончив обучение на отделении теории музыки Уральского государственного музыкального училища им.Курмангазы, он поступает в Алматинскую государственную консерваторию, где, проработав 5 лет по специальности «Музыковедение», остается преподавать после окончания Московской аспирантуры.

Работать в наш университет Александр Васильевич приехал в 2002 году и сразу же в этом году по его почину была образована кафедра «Музыковедения». А.В.Самаркину принадлежит множество научных трудов, программа по дисциплине «Современная музыкальная культура Казахстана», всю свою жизнь он занимался публицистической деятельностью.

Работая на кафедре «Вокал и инструментальное искусство», Александр Васильевич всегда являлся добрым примером и мудрым советчиком для своих коллег. Всегда корректный и отзывчивый, будучи заведующим кафедры «Музыковедение», а затем кафедры «Музыковедение и вокально-хоровое искусство» он никогда не отказывал своим подчиненным в помощи и для каждого находил доброе слово.

Добрая и светлая память об Александре Васильевиче надолго останется в наших сердцах.

Елбасы жолдады – халқы қолдады

Бұл жолғы Жолдау бұрынғыдан өзгеше. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақстан - 2050" стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты жолдауы еліміздің жасампаздық жолын жалғастырудың басым бағыттарын батыл ойлармен белгілеп берді.

Мемлекетіміздің ендігі мақсаты мен міндеті – егемендік жылдары қол жеткізген жетістіктерімізді сақтай отырып, 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Елбасы ескерткендей, мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақ мерзімді дамумен және экономикалық өсумен ияналысады.

Болашақта Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы бойынша әрекет ету, қыбырлап емес – қарымды жұмыс істеу ғана көсегемізді көгертпек. Мемлекетіміздің гүлденуі мен іргетасының нық қалануы қазіргі жастарымыз бен келер ұл-қыздарымыздың еншісінде екендігі белгілі. Олай болса, бүгінгі аға ұрпақтың үмітіне адал болуға жастарды тынымсыз тәрбиелегеніміз ләзім. Жастарымызға заман талабына сай білім, ғылым бермесек, Отанымыздың, халқымыздың шын мәніндегі отаншыл, ұлтжанды, жанашыр азаматы етіп тәрбиелей алмасақ, мемлекетіміздің болашағы не болмақ? Егер біздің әрқайсысымыз іргесі мығым, тәуелсіз елдің еңсесі биік болғанын қаласақ, онда ұрпақ тәрбиесі мен кәсіби біліміне жанкештілікпен араласуымыз қажет. Өйткені, еліміздің іргелі, еңсеміздің биік болуы дәл бүгінгі, ертеңгі, келер ұрпақ өкілдеріне байланысты. Сондықтан да, осы мәселелерге қатысты Қазақстан-2050 даму стратегиясының өзінен-ақ демократиялық, азаматтық, құқықтық қоғамдағы және мемлекеттік билік тармақтарындағы барлық

мекеме, органдардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге мүмкіндіктер беретін сауатты, бәсекеге қабілетті, тапсырылған іске аса зор жауапкершілікпен қарайтын ары таза ұлттық кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандыру мәселесін шешудің қаншалықты өткір қойылып отырғанын түсіне білуіміз шарт. Ол үшін білім мен кәсіби машық - заманауи талаптарға сай болып, ең озық әдістер мен жабдықтар жоғары жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Жолдауда ЖОО-да оқудың екінші курстарынан бастап кәсіпорындардағы міндетті өндірістік тәжірибені заңнамалық тұрғыда бекіту, оқыту әдістерін жаңғырту, білім берудің инновациялық әдістері мен құралдарын қарқынды енгізіп қолдану міндеттері қойылған. Жалпылама білім беру заманының артта қалғаны, қазір барлық дамыған елдердегі сияқты арнаулы кәсіби білімге ден қою қажеттілігі айтылған.

Қазақстан-2050 бағдарламасында қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік, қылмыстылықпен күрес мәселесіне зор көңіл бөлінген. Дамыған қоғам барлық жерде тәртіп пен реттіліктен басталатындығы, онсыз біз тәртіпсіздікке мүлдем төзбеді қалыптастыру және жемқорлықты түбірімен жою жөніндегі жауапты міндеттерді шеше алмайтындығымыз көрсетілген. Бұл орайда болашақ құқық қорғау қызметкерлерінің материалдық жағдайларын жақсартып, қатал сұраныс болатындығын, оларды аттестациялау жалғаса беретіндігі, құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасын әзірлеу қажеттігі ескертілген. Мұны құқық қорғау органының болашақ қызметкерлері естерінде ұстауы тиіс. Осыған сай біздің университеттің құқықтық пәндер кафедрасының алдында да зор міндеттер тұрғанын жақсы сезінеміз. Білім сапасын

арттырып, мықты кәсіби маман дайындауға қол жеткізу әрбір білім ордасының оқу базасына, жоғарғы білім технологиясына байланысты болатындықтан, сол оқу базасын қамтамасыз етуді жетілдіре түсуімізді қажет етеді. Студенттердің теориялық білімін тәжірибеде қолдана білуі үшін заң клиникасы жұмысын жандандырып, криминалистика кабинетіне қажетті қазіргі құқық қорғау қызметтерінде қолданылатын құралдармен қамтамасыз етіп, криминалистикалық полигонды жабдықтау мәселелері тұрғаны белгілі. Жолдауда көрсетілгендей, біздің басты міндет – оқу сапасын арттырып, оны өмір тәжірибесімен ұштастыру. Ол үшін теория мен практиканы қатар жүргізу, танымдық және өндірістік сарамандардың өту дәрежесіне қатал талап қойылып, облысымыздың құқық қорғау органдарымен жан-жақты байланысты әлде де нығайта түсуіміздің қажеттігін білдіреді. Қазіргі кезде көптеген объективтік себептерге байланысты кафедрада заң білімін беру жалпы бағытта жүріп жатыр. Қоғамдық қатынастармен қатар оларды реттейтін заңдардың да күрделене түсуіне байланысты студенттерге құқықтың барлық саласын жан-жақты, терең игеру қиын дүние, сондықтан да арнайы заң оқу орындарындағындай екінші-үшінші курстардан бастап арнаулы мамандандырылған бағыттарда: сот – прокурорлық, криминалистикалық – тергеу, кәсіпкерлік құқық, мемлекеттік-әкімшілік құқық мамандықтары бойынша топтарға бөліп оқытылу қажеттілігі тууда. Сол бағытта кафедра арнайы бағытталған мамандындруды қолға алынды.

Біз Президентімізбен бірге XXI ғасыр - Қазақстанның «алтын ғасыры» болатынына сенеміз және сол бағытта бар күш-жігерімізді жұмсауға әзірміз!

Жұмабай НӘБИҰЛЫ,

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың құқықтану кафедрасының доценті, ішкі істер органдарының құрметті ардагері

Елбасы салып берген сара жол

Ұлы мереке қарсаңында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауын ұсынды. Бұл Жолдауды университет ұжымы да зор ықыласпен тыңдай отырып, өз үндерін қосты.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы - бізге, ел жұртшылығы үшін қашан да маңызды оқиға. Себебі, ол мемлекет дамуының негізгі бағыттары мен міндеттерін анықтайтын стратегиялық маңызды құжат болып табылады.

- Жолдаудағы маңызды бағыт – қазақстандық патриотизм. Жалпы, барлық құнды еңбектер, жаңалық атаулы тек отансүйгіштіктің арқасында дүниеге келеді. Негізі, патриотизм мен намыс - тамырлас, егіз ұғымдар.

Қоғамның қай саласына болмасын, ең алдымен патриотизм керек. Қазақстандық ұмтылыс, толыққанды білім мен сапалы өнімнің түкпірінде Отанға деген үлкен сүйіспеншілік пен құрмет, қазақы намыс жатыр.

Биылғы Жолдаудың маңызы айрықша зор. Ерекшелігі сол, Мемлекет басшысы онда ел халқының алдына 2050 жылға дейін жүзеге асырылатын стратегиялық бағыттарды жариялады. Алдағы 38 жыл ішінде өміршең етілуге тиіс нақты тапсырмалар мен міндеттердің тұтастай бағдарламасы мемлекет үшін әрі қарай дамудың негізгі кілті болып табылады. Келешектегі көшенді іс-қимылдардың барлығы егжей-тегжейлі көрсетілді. Маңызы зор құжатта адам – мемлекеттің басты құндылығы деп аталды. Ел азаматтарына деген қамқорлық, олардың әл-ауқатын арттыру, тұрғындар үшін жаңадан игіліктер жасау, тағы да басқа әлдеқайда тиімді тетіктер қарастыру – Жолдау жүктеген негізгі міндеттер. Жаңа әлеуметтік қағидаттарына сүйене отырып, кедейшіліктің өсуіне жол бермеу тапсырылды.

Елдегі үдерістерді одан әрі жалғастырушы – жастар қоғамына қатысты міндеттер де өзектілігімен танылды. Жастар – біздің келешегіміз. Осы ретте Елбасының оларға арнаған Үндеуі де орынды болды.

Ақтоты НИЯЗБЕКОВА,
жаратылыстану-география факультетінің деканы

ОБСУЖДАЯ ПОСЛАНИЕ

У нас в университете активно обсуждают Послание Президента Казахстана народу.

Документ всеми принят позитивно. Он является продолжением Стратегии -2030, программы «Путь в Европу» и пред-полагает консолидацию всего общества. Теперь появилась возможность сделать качественный рывок, определить за-дачи, тезисы и принципы, по которым будет жить Казахстан в ближайшие 50 лет. Это позволит войти Казахстану в число 30 наиболее развитых государств мира. Послание имеет чёткую, логически последовательную структуру. В первом разделе анализируются достижения республики в реализации ранее намеченных задач, во втором разделе ставятся новые задачи (десять глобальных вызовов) и в третьем разделе излагаются пути решения новых задач – Новый политический курс для нового Казахстана в быстро меняющихся исторических усло-виях. В четвёртом пункте третьего раздела Программы особое внимание уделено знаниям и профессиональным навыкам, как ключевым ориентирам современной системы образования, подготовки и переподготовки кадров, в том числе модернизации методик образования. Мы должны в своей работе интенсивно внедрять инновационные методы решения и инструменты в отечественную систему образования, включая дистанционное обучение и обучение в режиме он-лайн, доступные для всех желающих. Изменить направленность и акценты учебных планов образования, включив туда программы по обучению практическим навыкам и получению практической квалифи-кации. Работа в этом направлении на кафедре географии уже ведётся и будет продолжена.

В.И.АМЕЛЬЧЕНКО,
зав. кафедрой географии

Заманауи білім беру жүйесіне сәйкес педагог кадрларды дайындау сапалығы

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» стратегиясы мемлекетіміздің 2050 жылға дейін әлемнің ең жоғары дамыған 30 мемлекеті қатарына енуін негіз ете отырып, осы уақыт ішінде бағындырылуға тиісті жеті басымдықты белгілеп берді. Елбасы белгілеп берген бұл Жолдау қазақстандықтарды жаңа белестерді бағындыруға жетелейтін және ортақ мақсатқа топтастыратын тарихи құжат болып табылады.

Жолдауда Елбасы «бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деген тұжырымы «білім мен кәсіби машық - заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары» деген пікірімен ұштасқан.

Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы қажеттігі көрсетіледі. Бұндағы ең басты қағидат - бұл жұмыс берушілердің талабына сай мамандарды оқытып шығару. Сонымен қатар, жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектелмей, олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажеттігі де нақты көрсетіледі.

Қазіргі таңда заманауи білім беру жүйесіне сәйкес педагог кадрларды дайындау, оның сапалығын арттыру жұмысында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы жоғары көрсеткіштерге сәйкес үлкен жетістіктерге ие. Соның ішінде педагогика факультеті педаго-гика және психология кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», «Педагогика және психология», «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандықтары бойынша бүгінгі күн талабына сәйкес бәсекеге қабілетті құзыретті мамандар дайындауда қомақты үлестерін қосып келеді.

Биылғы оқу жылындағы кафедраның басты жетістігі бұл *біріншіден*, бітіруші түлектердің биылғы 2012 оқу жылының қараша айында өткен оқу жетістіктерін сырттай бақылау қорытындысы бойынша «Педагогика және психоло-гия», «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары студенттерінің жоғары балл жинап, облыс көлемінде ең жоғары көрсеткішке ие болуы. *Екіншіден*, облыстық «Жас ғалым – 2012» инновациялық жобалар байқауы

қорытындысы бойынша «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты Жақсығалиева Альфияның жұмысы 1-ші орынды иеленуі. *Үшіншіден*, «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты Насығазы Болат «Білім беру саласындағы басқару» мамандығы бойынша 2013 оқу жылының Қазақстан Республикасының Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясына тағайындалды.

Бұған қоса 2012 жылы «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс студенті Зайцева В.Р. және «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 курс студенті Қарагозина А.А. «Экопоселение в моем регионе как один из путей решения экологических проблем» атты ҚР жоғары оқу орындары арасындағы он-лайн жүйесінде республикалық шығармашылық байқауына қатысып, сертификат иеленді.

Кафедра жанында 2012 жылы оқу жылынан бастап «Бәйтерек» акмеологиялық орталығы жұмыс жасайды (директо-ры: тарих ғылымдарының докторы Н.Ө.Әділбаева). Орталықтың негізгі мақсаты - студенттер мен магистранттардың тұлғалық-кәсіби дамуына психологиялық акмеологиялық қолдау жасау. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының аймақтық ресурстық орталығы (ди-ректоры: педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ә.М.Мұханбетжанова) негізінде білімді жетілдіру және қосымша білім беру курстары ұйымдастырылады.

Кафедрада Н.Г.Чернышевский атындағы Смоленск мемлекеттік университетімен, Білім беруді дамытудың Федералды институты Приволжье филиалымен (Самара қ.) және Ивановск мемлекеттік университетімен (Иваново қ.) тығыз халықаралық байланыс орнатылған және бұл жоғары оқу орындарының ғалымдары жылма-жыл академиялық ұтқырлық бойынша ғылыми ыссапармен келіп, студенттерге, магистрлерге дәріс оқиды.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамы педагог кадр-ларды дайындау жұмысының сапалығын арттыру бағытында үнемі ізденіп, өз біліктіліктерін арттыру жұмысына ерекше мән береді және әрі қарай жалғастыра бермек.

ЖЫ.САРДАРОВА, *п.ғ.д., педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі, Г.С. АБУҒАЛИЕВА, оқытушы, магистр*

Елбасы Жолдауы - жарқын болашаққа бастар жол!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай ұйымдастырылған салтанатты жиында Елбасымыз, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жолдаған болатын. Биылғы Жолдаудың үлкен тари-хи мәні бар, себебі, онда ел дамуының 21 жыл ішінде жеткен жетістіктері сараланып, сондай-ақ Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму Стратегиясының бағдарламасын ұсынды.

«Қазақстан-2050» стратегиясының төртінші басым бағыты – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлаумен қайта даярлаудың негізгі бағдарына арналған болатын. Елбасымыз «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - деп атап көрсеткен болатын. Қазіргідей ғылым мен техниканың қарыштап дамыған зама-нында кез-келген бәсекеге қабілетті маман тек білім нәрімен ғана сусындап қоймай, озық үлгідегі құрал-жабдықтармен, ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын да қатар игеруге дайын болуы шарт. Сондай-ақ жолдауда Елбасымыз жоғары оқу орындарының білім беру қызметімен шектеліп қоймай, қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құрып дамытуға тиіс екендігін де атап өткен болатын.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, биология және экология кафедрасының ұжымы да Елбасы Жолдауын қызу қолдап, зор қызығушылықпен талқылады. Кафедра ұжымы болашақ мамандарға бәсекеге қабілетті білім беру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Студенттер мен магистранттарды ғылымға баулу, тарту мәселесі де дұрыс жолға қойылған. Жыл сайын Фартушина М.М., Дарбаева Т.Е., Кайсағалиева Г.С. сынды ғалымдарымыздың жетекшілігімен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарына жас ғалымдар, магистранттар, студенттер белсенділікпен тартылуда. Студенттердің тәрбие мәселесі де күн тәртібінен түскен емес.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»- дейді дана халқымыз. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара еңбектенсек, халқымыздың алмас асуы, шықпас тауы болмас. Еліміздің жастарын Елбасы Жолдауын қолдап, оны жүзеге асыруда аянбай еңбек етуге шақырамын.

С.А.КАЖИАХМЕТОВ,
биология және экология кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

«ҚР Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері:

«Менің жеңісім — университетімнің жеңісі»

Көпшілікке мәлім, жаңа жыл қарсаңында Елбасы — Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев отандық жетекші телеарналардың журналистеріне берген сұхбатында егер өз кәсібінді құлай сүйсең, сәйкесінше, еткен еңбегіңнің лайықты нәтижелі жемісін



көре білсең, осының өзі әр тұлғаға ерекше рух сыйлайды. Бұл — әр адам үшін шабыттандырушы күш. Осы жолда әркез білек сыбана, тер төге еңбек етуіміз қажет деген-ді. Иә, еңбек нәтижесінің сәттілігі қашан да тәтті. Бұндай жеңіс нәтижесі белсенді өмір сүруге, жігерлі де шабытты еңбек етуге ұмтылдырады, күшке күш қосады. Бұл ілгергі іргелі істерге, қарышты дамуға еселе-не берілген ерекше стимул да. Бұл орайда халық даналығы «Еңбекпен табысқан, тау тұрғызар табыстан», «Еңбек — тәтті бапкері, табыс — маңдайдың ақ тері», «Жұмысбасты болу — бақыт, қайтарымы — алтын-жақұт», «Еңбек — барлығын жеңбек», «Еңбекпен тапқаның, шекер балдан татқаның», «Ынта болса адамда, қиын іс жоқ ғаламда», «Ердің атын еңбек шығарады», «Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болар», «Еңбек — ердің көркі, ер - елдің көркі» демей ме.

Жас ізбасарларыма айтарым, жатып ішер жалқаулықтан құдай сақтағай! Ғұлама Плутарх айтпай ма: «Жалқауланып жатып өзінің денсаулығын дұрыстамақшы болатындар, үнін шығармай-ақ дауыстарын күшейтуді ойлайтындар секілді ақымақтық қадамдарға барады» деп. Қадірлі жастар! Бақыт атаулы сізге өзі келіп бас ие тағым етерліктей тер төге еңбектенгейсіздер!

Дау жоқ, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына екінші мәрте ие болу кеуденді қуанышқа толтырады. Адамды марқайтады. Келешек келелі істерге жігерлендіреді. Мен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде еңбек ететінімді мақтан тұтамын. Менің жеңісім — университетімнің жеңісі. Үздік ұстаздық биігінен танылуымды университет ректоры, академик А.С.Иманғалиевтің қолдауы, білім ордасы ұжымының, әріптес профессор-оқытушылар қауымының сенімі деп білемін. Меніңше, конкурс жеңімпазы атану әр оқытушыға үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын алу бар да, осы атағыңа шаң тигізбей, кір шалдырмай лайықты бола білу бар. Әріптестеріңнің қолдауына ие болу, студент-шәкірттеріңіздің сүйіспеншілігіне бөлену де — нағыз өзісінің білгір ұстазына ғана тән нәрсе. Өзім осы жолда тегіпте тер төгуге әрдайым әзірімін. Туған университетімнің алуан істерінің қай саласында да арқаланып еңбек етуге даярмын. Ендігі мақсатым - ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан бөлінетін қаржы негізінде жылдық жұмыс жоспарымды толық жүзеге асыру, университет басшысының, әріптестерімнің сенімінен шығу. **Сөз соңында айтарым:**

*Айқын беті ғылымдағы ізімнің,**Сыңға түстім көрінсін деп ер ісі.**Бұл жеңісім — мақтанышы ұжымның,**Бұл жеңісім — еңбегімнің жемісі.**Мына өмірде қолына ұстап жолдама,**Кім ізденсе, кім оқыса, сол — дана!**Әлі талай жеңісімді арнаймын,**80 жылдық тарихы бар ордама.***Мельников В., Испулова Р., победители Республиканского конкурса**

«Лучший преподаватель вуза 2012»:

«ПОВЕДА ПЕДАГОГОВ — УСПЕХ ВУЗА»

Ежегодно Министерство образования и науки РК проводит конкурс на соискание гранта «Лучший преподаватель вуза». По итогам 2012 года четыре преподавателя Западно-

Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова вошли в топ 200. Профессор А.С.Кыдыршаев, доцент З.Ж.Мутиев, Р.Н.Испулова, В.Л.Мельников стали лауреатами этого форума.

Следует отметить, что в честной конкурентной борьбе с преподавателями других вузов они продемонстрировали убедительные аргументы своего высоко-го профессионального мастерства.

Однако нельзя назвать эту победу случайной. Каждый из преподавателей-

победителей одного из старейших вузов Казахстана во внутривузовском рейтинге, начиная с 2002 года, занимает высокие позиции.

Каждый из них успешно реализует себя в научно-исследовательской, учебно-методической и воспитательной работе. Так, профессор А.С.Кыдыршаев и доцент З.Ж.Мутиев осуществляют свою педагогическую деятельность по программе «Казахский язык». Они являются авторами многочисленных монографий, учебников, учебных пособий научных статей по проблемам казахской филологии.

Доцент В.Л.Мельников, Р.Н.Испулова проводят подготовку студентов по программе «Физическая культура и спорт». Ими подготовлено несколько электронных учебных изданий, многочисленные методические разработки. Каждый из них имеет более ста научных публикаций. Вместе с тем доцент В.Л.Мельников многократный чемпион Республики Казахстан, неоднократный победитель Кубка РК по Президентскому многоборью. Доцент Р.Н.Испулова один из ведущих педагогов-методистов в области массовой физической культуры.

Грант за победу в конкурсе преподаватели намерены использовать, участвуя в международных конференциях, стажировках в зарубежных научных центрах, при написании учебников и учебных пособий. Подобное финансовое вложение - залог повышения качества образования, имиджа преподавателя, а также вуза, который он представляет.

Несмотря на личные успехи каждого педагога, невозможно представить их в отрыве от многогранной и высокоэффективной деятельности высшего учебного заведения, где они работают и где смогли самореализоваться.

Следует признать, что ЗКГУ за последние годы добился значимых успехов в своем развитии, следствием чего стало повышение качества образовательной подготовки. Так, на Международной выставке в г. Алматы получил номинацию «За подготовку высококвалифицированных специалистов». В 2006 г. на III Казахстанской Международной выставке «Образование и наука в XXI веке» в г. Астане ЗКГУ был удостоен диплома «За разработку и внедрение интегрированных образовательных программ» и «За лучшую автоматизированную систему управления вузом». В 2007 г. на IV Казахстанской международной выставке «Образование и наука XXI века» (г. Астана) вуз награжден дипломом «За лучшее вузовское издание».

Еще более значимых успехов наш вуз добился на международной арене. Так, ЗКГУ им. М.Утемисова в числе первых вузов Казахстана стал лауреатом «Золотой медали SPI» Международной ассоциации содействия промышленности, врученной в 2005 г. в Париже. ЗКГУ удостоен престижной награды «EUROPEAN QUALITY» («Европейское качество»). За высокий уровень образовательных программ на международной конференции ЗКГУ была присуждена «EuroEducation 2006: integration of European experience» в г. Оксфорде (Великобритания). ЗКГУ также оказался среди мэтров высшего образования Европы, удостоенных наградой «THE UNITED EUROPE» («Объединенная Европа») за вклад в развитие европейской интеграции. В 2006 г. ЗКГУ на международном саммите в г. Москве был признан «Лидером национальной экономики» и награжден почетной грамотой и медалью. Инновационная активность университета была отмечена на четырех международных форумах «Информатизация образования Казахстана и стран СНГ».

Все эти достижения — результат эффективного управления системой высшего образования. Это, в конечном итоге, повышает конкурентоспособность наших вузов, делая их востребованными не только на внутреннем, но и внешнем рынке образовательных услуг.

**Зейнолла Мутиев, ф.ғ.к., доцент,**

ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері:

«Көңілге қуаныш, ертеңге үміт»

Тәуелсіз еліміздің кемел келешекке ұмтылысы кең-байтақ Қазақстан халқының әр азаматын қанаттандырып, өз қызмет саласында белсене еңбек етуге жігерлендіреді. Сондай көңілге қуаныш сыйлаған бір сөз — «ЖОО-ның үздік оқытушысы-2012» атағының берілуі дер едім.



Астананың қақ төрінде орналасқан зәулім ғимарат — ҚР Өнер университетінде еліміздің таңдаулы 200 оқытушысына «ЖОО-ның үздік оқытушысы атағынның иегерлеріне куәлік пен төсбелгіні ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов өз қолымен тапсырды. Министр өз сөзінде мұндай қызметтің өзге елдерде аз кездесетінін айта келе, баршаңызды осы құрметке лайық деп есептеймін және сіздердің Қазақстан ғылымын дамытуға қосар үлестеріңіз мол болсын деген тілегін білдірді. Әрине, министр әр оқытушы-ғалымнан бұдан да биік белестерді бағындырып, еліміздің инновациялық даму қарқынына жаңалықтар ендіретініне кәміл сеніп отырғаны анық.

Әлем назары Қазақстанға ауған заманда қай ғылым саласы болмасын өз биігінде дамығаны дұрыс. Соның ішінде жас ұрпақ тәрбиесі мен біліміне тікелей жауапты адам жанының инженері атанған мұғалім-мамандарды дайындауда біздің университеттің профессор-оқытушы құрамының еңбектері де орасын зор. Оның жарқын дәлелі — «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын университетімізден төрт бірдей ғалымның қатар иеленуі — бұрын болмаған жағдай. Өз әріптестерім — п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаевты, б.ғ.к., доцент В.Л.Мельниковті және п.ғ.к., доцент Р.Н.Испулованы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атақтарын иеленуімен құттықтаймын. Сонымен бірге, Астананың Өнер университетінің концерт залындағы марапаттау рәсіміне қатысып, біздерді алғаш болып құттықтаған БҚМУ-дың оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры, п.ғ.к., доцент Жүсіпқалиева Ғалия Хайдарқызына өз әріптестерімнің атынан шын жүректен алғыс айтамын.

Берілген атақ, көрсетілген құрмет көңілге қуаныш ұялатады, ертеңге үмітпен қарауға жетелейді.

Ұстаз мерейі әрқашан арта берсін!!!

«БОЛАШАҚ» жеңімпаздары

Елдің және қоғамның дамуы, жаһанның жасампаздықпен алға өрлеуі ең алдымен ғылымға байланысты.

Жалпы адамзат баласы үшін сан дәуірлердің қай шежіресі болмасын, оқу, үйрену мәңгілік мүдде, әрі қасиетті құндылық болып келген. Сондықтан халқымыз үшін ілім мен білімнің орны қашан да маңызды.


Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасының 20 жылға жуық кезеңінде білімге ден қойған жастарымыз әлемнің жетекші ЖОО-да білім алуда.

БҚМУ — болашақтың ордасы. Қасиетті қара шаңырағымыздың түлегі, педагогика және психология мамандығын 2006 жылы тәмамдаған магистр-оқытушы Тұяқова Бибигуль Құтпанәлиқызы «Болашақ» бағдарламасының конкурсына қатысып, Малайзия аралына «Multimedia University» университетіне «Педагогическая диагностика и управление качеством образования» мамандығы бойынша оқуға түсіп, тағылымдамадан өтуге

мүмкіндік алды және педагогика және психология мамандығының 2 курс магистранты Насығазы Болат Қайырболатұлы «Білім беру саласындағы басқару» мамандығы бойынша 2013 оқу жылының Қазақстан Республикасының Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясына тағайындалып, Ұлыбританияда шет тілі: екі шет тілі мамандығы бойынша білім алуға қол жеткізді.

Бұл факультет үшін ғана емес, университет бойынша үлкен жетістік дей отырып, Тұяқова Бибигуль Құтпанәлиқызы мен Насығазы Болат Қайырболатұлын осы жетістіктерімен құттықтаймыз.

Еліміздегі байырғы әрі танымал білім ордасының магистранттары еліміздің абыройын асырып, айбынын арттыратын жоғарғы білікті, биік рухты, білімді де белсенді жастардың бірі болатынына сеніміміз мол.



Старое здание естественно-географического факультета, обозначенный в официальных документах ЗКГУ как учебный корпус №5, обладает каким-то магическим свойством. Попадая под высокие своды длинных коридоров со множеством кабинетов, почти физически ощущаешь, что здесь поселилась наука.

- Высокие потолки должны быть в учебных заведениях. Тогда и рождаются высокие научные открытия, - делится своими мыслями доктор химических наук, профессор Дина Кенжебековна МЕНДАЛИЕВА.



Кем быть?

С чего начинается ученый? Однозначно, что в раннем детстве бывает некий знак, который впоследствии, при правильном стечении обстоятельств, определяет весь жизненный путь.

В школу маленькая Дина пошла в поселке Фурманово (Жалпактал) под Уральском. Отец – партийный работник, его редко можно было застать дома. За заслуги перед народом одна из улиц города Уральска носит имя Кенжебека Мендалиева. Мама – учительница в школе. Учась в классе четвертом, с нерешенной задачей забежала к маме на работу. Шел урок, и маму пришлось ждать

ученый Михаил Касымович Наурызбаев. Из этой группы вышли 4 доктора наук, почти все стали кандидатами наук. Все годы, до 2004 года, я занималась этой темой, которая затем была обобщена в виде докторской диссертации. В 1996 году защитила диссертацию на тему «Адсорбция на границе раздела фаз и их влияние на электрохимическое поведение металлов» по специальности физическая химия.

Говоря о тех, кто учил жить в науке, Дина Кенжебековна вспоминает ныне покойного Юрия Михайловича Лощарева, доктора химических наук, профессора, декана химического факультета Днепрпетровского государственного университета, советы которого пригодились и вне науки.

-Один из главных советов, который мне пригодился, когда я была членом Диссертационных Советов по защите докторских и кандидатских диссертаций, оппонентом, членом ВАК РК (Высшая аттестационная комиссия) – это высказывать самые жесткие замечания, не обижая человека. Я этим руководствовалась довольно часто. Многому я научилась, работая рядом с Александрой Ивановой Зебревой. Это замечательный человек, крупный ученый, всесторонний. Она научила меня, как организовать учебный процесс, как писать обращения в различные инстанции и всему, что касается работы кафедры.

Грани успеха

Тут требуется небольшая пауза. За долгую работу в науке, причем в передовом ее отряде, накапливается большой опыт. И он не всегда радует. Какие преграды порой приходится преодолевать, какие бюрократические препоны обходить, чтобы пробить в свет научную мысль, многим даже не представляется. Непонимание, зависть, предательство – и это тоже имело место в жизни. Как же справляется человек, даже такой сильный и стойкий, как Дина Кенжебековна? Но об оборотной стороне успеха Дина Кенжебековна говорить не желает. Кого-то не готова простить, о каких-то моментах просто не хочет помнить. Философски махнув рукой – «время рассудит» - смело, не оглядываясь, идет вперед по однажды выбранному пути.

Аскетичный и суровый на первый взгляд образ Дины Кенжебековны меняется при близком знакомстве. Представлялось – будет резка и немногословна. Но вот она снимает очки и, при-

Уральск – новые рубежи

В 2004 году по приглашению ректора ЗКАТУ имени Жангир хана приехала в Уральск. За 5 лет работы в данном вузе были открыты две новые специальности «Химическая технология органических веществ» и «Химическая технология неорганических веществ» и магистратура по данным специальностям.

С 2009-2010 учебного года продолжила трудовую деятельность в ЗКГУ им. Махамбета Утемисова.

-В жизни самое сложное – это взаимоотношения между людьми. Здесь пришлось начинать все с начала. Благодаря моим ученикам мы открыли в ЗКГУ две новые специальности «Химическая технология органических веществ», «Химическая технология неорганических веществ», магистратуру, уже есть первые выпускники. В настоящее время сотрудничаем с ведущими научно-исследовательскими институтами Казахстана и Российской Федерации. Это институт химии имени А.Бектурова, Институт катализа и электрохимии имени Д.В.Сокольского, Саратовским Государственным Университетом им. Н.Г. Чернышевского, КазНУ имени аль-Фараби, КарГУ имени Е.А.Букетова, большую помощь нам оказывала ныне покойная Рашида Мухамед-Фатиховна Салихджанова, Заслуженный деятель науки СССР, доктор химических наук, профессор, - говорит о настоящем времени профессор Мендалиева. - В копилке успехов – два гранта МОН РК на научные исследования по фундаментальным и прикладным исследованиям.

Скромный человек, она старательно выговаривает «мы», поскольку считает науку делом коллективным. Но именно благодаря ей, ее таланту, силе духа и упорству ученого в прошлом году был успешно завершен проект на тему «Разработка химикотехнологических основ переработки и определения вариантов дальнейшего использования нефтяного шлама месторождений Западно-Казахстанской области» для КПО. Уже даны практические рекомендации по их практическому применению. Что это значит? А собственно то, что бесчисленные формулы, задачи, цифры и буквы преобразованы во вполне реальный участок автомобильной дороги с покрытием, основным составляющим которого является шлам, попросту – мусор. В денежном выражении это миллионы, заработанные группой ученых для университета и во благо науки.

-Не могу не сказать слова благодарности, и со мной согласится Зарипа Хайроллиевна Кунашева, ответственный исполнитель проекта, руководству ЗКГУ, лично ректору Асхату Салимовичу Имангалиеву. Выполнение проекта требовало иногда пропустить занятие, это постоянные поездки. Авторитет Асхата Салимовича помогал преодолеть бюрократические преграды, найти нужных людей. А также благодарим нашу бухгалтерию, которая своевременно и грамотно решала все финансовые вопросы.

За годы в науке ею опубликовано более 300 статей, получено 9 авторских свидетельств на изобретения, созданы учебные по-

Жизнь с поправкой на фамилию

в коридоре. На стене висела какая-то непонятная таблица с бородатым портретом. «Та-бли-ца Мен-да-ли-..., ой, нет, Менделеева, - прочитала с неожиданной ошибкой скачущая девочка. – Очень похоже на мою фамилию, только букву поправить!» Позже, в старших классах, на уроках химии часто улыбалась, вспоминая, как перепутала фамилию великого Менделеева со своей скромной фамилией отличница Мендалиева.

Золотая медаль открывала перед выпускницей безграничные возможности в выборе профессии. Юная Дина выбрала химию, хотя отец не одобрил ее выбор, мама же и вовсе промолчала. «Почему химия?» – часто спрашивают сейчас ученого Дину Кенжебековну, на что она всегда отвечает:

-Химия – царица наук. Я же – дитя своего времени, когда был лозунг «Коммунизм – это есть советская власть плюс электрификация, плюс химизация всей страны».

Вера в науку была определяющей в общем романтическом подъеме молодежи 60-х. Страна Советов, оправившаяся от послевоенной разрухи, набирала обороты во всех сферах жизни. Освоение целинных земель и просторов космоса, машиностроение и легкая промышленность. И везде царит Ее Величество Химия.

Учителя

-Поступив на химический факультет КазГУ им. С.М.Кирова, по собственному выбору попала на кафедру аналитической химии, которой руководил добрейший человек, академик Академии наук КазССР Михаил Тихонович Козловский, ученый с мировым именем, - рассказывает о годах учебы Дина Кенжебековна. – Его любили все студенты. Общение со студентами доставляла ему радость. Ходила молва, что он читает все лекции сам, потому что никому не доверяет. Затем долгие годы руководила кафедрой милейший человек высокой культуры и образованности, Заслуженный деятель науки и образования КазССР Александра Ивановна Зебрева, которую я считаю своим наставником и свои слова искренней благодарности ей всегда выражаю.

После окончания университета в 1970-1973 годах работала в Уральском педагогическом институте, вплоть до поступления в аспирантуру. В 1976 году Дина Кенжебековна защитила диссертацию на соискание ученой степени кандидата химических наук на тему «Влияние катионо-активных поверхностно-активных веществ на кинетику электродных процессов на ртутном электроде» по специальности электрохимия.

-Моим руководителем был доктор химических наук, профессор Валерий Павлович Гладышев, очень умный человек, но у него были свои слабости, с этим надо было мириться. Думаю, что именно он научил быть самостоятельной, не спрашивать, что делать и как делать. Тем более, что тему выбрала самостоятельно, - рассказывает о годах становления ученый Мендалиева.

После защиты Дину Кенжебековну по распределению Министерства высшего образования оставили на кафедре.

-Тогда создавалась группа молодых ученых, которые были объединены общей идеей. Мы себя называли ПАВистами, мы занимались общей темой «Исследование кинетики и механизма электродных процессов на электродах различной природы с участием поверхностно-активных веществ. Руководителем этой группы был тогда еще молодой ученый, а ныне известный в мире

шуриив глаза, преображается доброй улыбкой. Кто-то даже предполагает, что эта милейшая женщина с утонченными пальцами музыканта, тихой, плавной речью, аристократической осанкой и короткой мальчишеской стрижкой может быть резкой?



-Могу. И довольно часто. Но с годами все же становлюсь более терпимой, - признается ученый. – Конечно, помню всех обидчиков, но жизнь в целом намного интереснее.

Помните образ ученого, который создавали в художественных фильмах раннего советского периода? Распахнутый белый халат, очки, в руке колбы-мензурки и полное равнодушие к быту и окружающему миру, не имеющего прямого отношения к науке. Да, очень похоже на нашу героиню. Но не совсем. Не привыкшая просить и ходить по инстанциям, и это при ее заслугах и связях, с 2004 года не имела своего жилья в Уральске. Незадолго до Нового 2013 года она, наконец, въехала – в буквальном в смысле, поскольку была более месяца обездвижена из-за поврежденной ноги – в собственную квартиру в respectable доме.

-Мои близкие впустили в квартиру только после ремонта, иначе меня уже не смогли бы уговорить на ремонт. Девять лет срок не малый, но и то, что я сейчас имею, стоило того. Довольна собой, квартирой. Именно так должен жить профессор.

Не в тягость

Но образ будет неполным, если не сказать о большой общественной деятельности, которую вела Дина Кенжебековна в КазГУ. Работала заместителем профкома факультета (а это до 600 сотрудников), более 10 лет была представителем комиссии по подведению итогов социалистического соревнования (сейчас говорят – рейтинг) и 16 лет удерживали переходящее знамя, отвечала за научную работу студентов факультета (это около 1000 студентов). Все делалось легко и не считалось за большой труд.

собия, программы для студентов, является соавтором учебных программ для общеобразовательных школ. У пяти аспирантов является непосредственным руководителем и еще у пяти работы выполнены при непосредственном участии, защищены магистерские диссертации.

Школа как основа наук

Еще об одной слабости нельзя не сказать. Без этой черты картина будет не просто неполной, это будет не Мендалиева. Это ее бесконечные подопечные – участники школьных олимпиад, которые она сама организует. Более того. Старательно отслеживает любые школьные мероприятия в области, касающиеся химии. О школьном образовании у Дины Кенжебековны особое мнение.

-Я всегда считала и считаю, что нельзя подготовить хороших специалистов без базового школьного образования. Это – фундамент. Поэтому я всегда интересовалась школьным образованием, что надо делать, как надо делать, чтобы оно стало лучше. Мне с молодых лет поручали готовить школьников и студентов к различным олимпиадам. Была членом жюри республиканских олимпиад по химии, председателем республиканских конкурсов научных работ школьников, членом жюри Менделеевской олимпиады по химии, которая проходила в Алматы в 2002 году. И конечно же готовила участников и призеров международных олимпиад.

И по традиции ежегодно организывает в ЗКГУ химические олимпиады для школьников Уральска и области, которые так и просятся быть названными Мендалиевскими.

Главное призвание

Ученый, педагог, олимпийский тренер, организатор, бизнесвумен, кроме того родоначальник целой династии химиков. По стопам Дины Кенжебековны пошли более 20 членов ее семьи – сестры, племянники. А кто вы прежде всего, пытаются ее многие?

-Конечно же я прежде всего – педагог. И это, я считаю, мое главное призвание. Главное – воспитывать молодое поколение, образованное, умное, научно подкованное, конкурентоспособное и профессионально ориентированное. Я с первых дней вижу – этот шустрый, больше пойдет по организаторской, общественной стезе, но и ему научный подход необходим. Другой – чистой воды ученый, что-нибудь откроет новое. И так всегда. Если хотите знать, то первая запись в моей трудовой книжке – пионервожатая, - и с улыбкой, с которой она ворочает горы, добавляет: - Я прошла путь от пионервожатого до профессора. Вся моя жизнь – учиться и учить.

Но фамилия все же обязывает, и Царица наук ее величество Химия цепко держит свою верноподданную профессора Мендалиеву. Поэтому, обращаясь к молодым ученым, напутствует их:

-Что бы я хотела сказать молодым? Чтобы занимаясь наукой, надо быть очень, очень и очень трудолюбивым, трепетным и любить науку, а не себя в науке. И это совершенно другой образ жизни. Это большая ответственность: ты начинаешь делать эксперименты, ведешь исследования, думаешь, оно пойдет так, а оно и пошло по-другому. И из этой невероятной порой ситуации надо найти выход. Как? Это и есть наука.

Записала М.ДЖУМАГАЛИЕВА

«Бойжеткені болашақ тасырылмның»



-Айнұр Серікқызы, XXI ғасырдың бойжеткендері қандай болуы керек?

- Менің үш ұлым бар. Қыз балаларым болмаса да, ұлдарымды ұлттық тәрбиемен сусындатуды мақсат етіп келем. Тек менің балаларым емес, жалпы қазақ баласы, ол қай ғасырда да өмір сүрсе де, олар ұлттық тағамның не екенін білуі керек. Біздің ұлттық тағамдарымыз арқылы олардың бойларына қазақылық сіңеді деген ойдамын. Шошып жемей, керісінше мақтанышпен қарайтындай, дастарханымнан ешуақытта ұлттық тағамдарды үзген емеспін. Ұлттық деген ұғымға қатысты ауылды елестету қате. Бүгінде қаланың қазағы көп. Әр адам өз балаларына отбасында ұлттық деген ұғымды сіңдіру қажет. Қазақтың етін мүшелеп беруді де үйретіп отыру қажет. Қазақ халқы еттің әр бөлігін орнымен бөліп беріп отырған. Балаларға тиесілі бөлігін де әрдайым қуана алақан жаятындай ұсынып отыруға тиіспіз. Құрт, жент, тары, талқан, қаймақ, қымыз, сары май, бауырсақ секілді ұлттық тағамдарымыз дастарханнан үзілмеуі тиіс. Шетелге шыққан жағдайда менің ұлдарым өз елінің ұлттық тағамдарын аңсайды. Тәрбие басы дастарханнан деп ойлаймын. Балаларды дастарханға қонақтармен бірге отырғызу қажет. Дастархан басында жақсы тілектер айтылады, бата беріледі. Оның өзі – үлкен тәрбие. Қазақтың еті, қазы-

Театр – өнердің төресі. Сахна – әртіспен сәнді. Театр әртісі ұлы өнерді танытады. Өнер адамын халқымыз қашанда үлгі тұтқан. Осы орайда М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының тапсырысымен жүзеге асырылып жатқан «Балалар үйінің, балабақша және мектеп бүлдіршіндерінің арасында мемлекеттік тілді, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеуге бағытталған іс шаралар өткізу» атты жоба аясында «Қыздар әлемі» порталының қонағы ретінде Астана қаласындағы Қалыбек Қуанышбаев атындағы драма театрдың әртісі **Айнұр Жүгінісовамен** жүргізілген сұхбатымызды ұсынамыз.

қартасын масаттанбай жейтін қазақ жоқ шығар. Басқа ұлт өкілдерінің өздері тамсана жеп жатқанда, кейбірінің сушиға қарай жүгіретініне таң қаламын. Бүгінгі бойжеткендерімізге де отбасында анасы осы жайларды үнемі түсіндіріп, ұғындырып отыру қажет. «Анасын көріп, қызын ал» дейтін халық мақалы текке айтылмаса керек. Ана тәрбиесін көрген қыз әрдайым көрегенділік танытады. Жаңа ғасыр, тек жаңалықты қабылдау керек деп, шетелге еліктеп немесе ғаламтор арқылы керексіз дүниелерді қабылдаудың қажеті жоқ. Заман ағымынан қалмай, орынды киініп, орынсыз нәрселерден аулақ болып, өзге тілде емес, өз тілінде сөйлеп, дәстүрді сыйлап, ибалылығын сақтау қажет. Өзінің ана тілін қадірлемейтін қыздардан жақсы ана шығады деп айта алмаймын. Тілін қадірлемеген адам, ол ұлтының салтын да, дәстүрінен де хабарсыз болары айқын. Қай қоғамда, қай заманда өмір сүрмесін, ол қазақ қызы деген атқа лайықты болу қажет. Бойжеткендеріміз осыны ұмытпаса екен деймін.

Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Балаларым қазақтың тәрбиесін көрген қызды жар қылып алса екен деп армандаймын. Өйткені бала тәрбиесін ұрпақ тәрбиесі деп қарау қажет. Бүгінгі қазақтың бойжеткендерін мен баламның ертеңгі жары, немеремнің анасы деп қараймын. Олардың бойында имани тәрбие болғанын қалаймын. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз.

- Өнер адамы ретінде балалар үйінде ұйымдастырылған тәрбие сағаттары, мерекелік шараларға барып, кішкентай бойжеткендерімізбен сыр бөлісіп тұрасыз ба?

- Әрине. Өз басым шақырмаса да, жиі барып тұрамын. Олармен сыр бөлісемін. Осындай мекемелер дәстүрді білетін, оны насихаттайтын, бүлдіршіндеріміздің бойына сіңіретіндей тұлғаларды шақырып, кездесулерді көптеп өткізу керек деп ойлаймын. Кейде қарағөз қазақтың балалары орыс тілінде сөйлеп жатады. Осындайды көргенде жаным ашиды. Оларға ұлт деген ұғымды сезіндіру керек. Бар мейірімімізбен қазақтың дәстүрін насихаттап, ұлттық мерекелерімізді ұлықтап, өнеге көрсетуіміз қажет. Балғын бүлдіршіндеріміз Әнұранды айтқызғандықтан емес, жүрегімен беріліп, сезініп айтса екен деп ойлаймын.

- Театр әртісісіз. Әр әртіс сахнаға шыққанда, берілген рөлді жан-тәнімен ойнауды мақсат етеді. Өзіңіздің сахнада сомдаған рөлдеріңіздің ішінде қазіргі бойжеткен қыздарымызға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие беретін қандай образдарды сомдадыңыз?

- М. Әуезовтің «Қарагөз», «Еңлік-Кебек» спектакльдерінде ойнадым. Бұл образдарды мен жас кезімде 22-23 жасымда сомдадым. Еңлік - менің сахнадағы сүйікті рөлім. Қызым болса, атын Еңлік деп қояр едім. Бұл - менің жан-дүниеме жақын рөл. Кішкене кезімде атқа мініп, атқа шапқан қыздардың бірімін. Қыздардың бойында да ерлік, қайсарлық қасиеттердің болғаны да артық етпейді. Ол – қазақтың сайым сары даласының еркіндігі. Сұлулықтың символына айналған Қыз Жібек те атқа мініп шапса,

Әлия мен Мәншүк әпкелеріміз балғын шақтарында қолдарына қару да алды емес пе? Ол осы істерімен сұлулығын, нәзіктігін жоғалтқан жоқ. Театр сахнасында біздің бойжеткендерімізге үлгі болатындай, өнеге алатындай образдар жеткілікті.

«Тәрбие басы – тал бесік» дейді дана халқымыз. Бүгінде бесік жырын айтатын аналарымыз азайған сияқты...

Балаға тәрбие ананың сүтімен, әлдіімен келеді. Кейде ақ жаулықты әжелерді көреміз. Немерелеріне орысша сөйлеп жатады. Ана қызына, әже немересіне тәлім айтпаса, тәрбиенің жоғалғаны. Қазақтың ауыз әдебиеті – халқымыздың ғасырлық шежіресі. Тұрмыс-салт жырларымызды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отыру – ұлт аманаты. Сонда ғана қазақтың салты мен дәстүрі өшпейді. Сондықтан да аналарымыз бен әжелеріміз балалары мен немерелеріне бесік жырын айтып отырса екен деп тілеймін.

- Қазақ қыздарына ұлттық тәрбиені насихаттауда қандай байқаулар өткізу керек деп ойлайсыз?

- «Қыз сыны», «Қазақ аруы», «Бұрымды қыз» байқаулары ұйымдастырылса. Мысалы, қазақтың ұлттық тағамдарын жасау, халқымыздың ұлттық өнерін көрсету, дәстүрін білу сынды шарттар байқауда орындалса. Байқауда қойылатын сұрақтардың барлығы ұлттық бағытта болса, білімі мен білігін, өнері мен дәстүрді игергендігін саралайтын байқаулар көп болса екен деймін. Өйткені ондай байқаулардың бойжеткендеріміздің тәрбиесіне игі әсерін тигізері сөзсіз.

- Сіз өнер адамысыз. Үнемі халықтың ортасында жүресіздер. Сіздерге қарап бойжеткендеріміз бой түзеді. Қазіргі таңда сол қарагөз бойжеткендерімізге ұлттық киімді насихаттау жағына қалай қарайсыз?

- Қазіргі заманғы киімнің өзіне ұлттық колоритпен бір ғана элемент қосу арқылы да қазақтың ұлттық нақышын көрсетуге болады. Қолға ұстайтын сөмке. Күнделікті пайдаланамыз. Үнемі қолымызда жүреді. Соны ұлттық оюмен безендірсек, қандай керемет?! Аяғымызға етік киеміз. Оның қонышына да ұлттық нақышпен ою-өрек салдырсақ. Менің бас киімдерімнің, күртешелерімнің өзін ұлттық нақышта арнайы тапсырыспен тіктірдім. Қызыға қарайтындар көп. Өңгіме басыңа сәукеле киіп, үстіңе камзол киіп жүруде емес. Заман талабына сай жаңашыл киімді де ұлттық нақышта көрсетуге болады. Қазақ әйелі басына кимешек киген. Ал оны бүгінгі заман талабына сай лайықтап, әдемілеп неге кимеске? Балам келін алып, немерем дүниеге келген күні мен де кимешек киім деген ойдамын. Қазақтың ұлттық киімдері тек ұлттық мерекелерде емес, күнделікті киетіндей насихатталуы қажет.

- Өңгімеңізге үлкен рахмет. Өнеріңізге толағай табыс тілеймін.

Сұхбатты жүргізген: Рита Сұлтанғалиева, БҚМУ баспасөз хатшысы

ЖАТАҚХАНА ханзадасы мен ханшайымы

«Алыптың кеудесі биік болу үшін, Халықтың рухы биік болуы керек»- деп жерлесіміз, әйгілі ақын Қадыр Мырза Әли айтқандай, халық рухы – ел болашағы, бұл - жастар, яғни студенттер. Ал, студенттік өмір - адам өмірінің қызығы мен шыжығы қатар жүретін, қайта оралмайтын жастық дәурен десек, студенттер жатақханасында тұратын студенттердің студенттік дәурендері тіпті ерекше, әрі қызықты. Менің ойымша, жатақханада өткен студенттік өмір – ұмытылмастай адам өмірінде болатын ерекше шақ. Жатақханада тұратын студенттер, менің ойымша, бақытты жандар. Студенттер үйінде сонымен қоса түрлі шаралар өткізіліп тұрады. Қасиетті қара шаңырағымыздың мерейлі 80 жылдығына арналып жатақхана студенттерінің арасында «Жатақхана ханзадасы мен ханшайымы» атты байқау ұйымдастырылды.

Алға тартқан ақыл-ойдың сарасын,
Қадірлеген ғалымы мен данасын.
Ақжайықта ордасы білімнің,
Қос құрлықтың қосып тұрған арасын!
Жас ұрпақтың озат ойы сыналған,
Дәл осында тоғысады мың арман.
Беделі зор бұл білімнің ордасы,
Шәкірттерін биік шыңға шығарған – деп басталған байқауға 5 жұп қатысып, 5 тур бойынша өз бақтарын сынады. Еліміздің тәуелсіздік жолындағы тар жол тайғақ кешулері мен дарындылар мен жалындылардың ордасы БҚМУ даму тарихынан да сыналды. Қатысушы жұптарымызға жаңадан құрылған «Махамбет» КВН командасыөз өзілдерін, Лесов Наурызбек «Анашым» атты әнін тарту етті.

Байқау қорытындысы бойынша жатақхана ханзадасы мәдениет және өнер факультетінің I курс студенті Дархан Қаберов атанса, жатақхана ханшайымы педагогика және психология мамандығының I курс студенті Эльвира Қасағали атанды. Ал II орынды мәдениет және өнер мамандығының II курс студенті Ахат Қалиев пен I курс студенті Бақытова Аида иеленсе, III орынды педагогика және психология мамандығының I курс студенті Батуов Нұртілек пен қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының I курс студенті Құрмет Гүлфайрус қанжығаларына байлады. Байқау осылайша өз мақсатына жетті.

Жатақхана студенттерін жеңістерімен құттықтаймыз.

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс студенті



«Жүрек дүрсілі ұлғайған сәттер...»

(Бірінші курстықтардың алғашқы сессия кезіндегі әсерлері)

Емтихан тапсыру мезгілі жақындаған сайын студенттің жаны шүберекке түйілетіні белгілі. Тұла бойын үрей мен қорқыныш билеп, өзін-өзі бақылауды жоғалтып жататын кездер де болады. Ал 1 курсқа жаңадан қабылданған студент үшін бұл - өзгелерден де айрықша маңызы бар сәттердің бірі. Сессия уақытын асыға да, сескене күтетін олар «Емтихан мезгілі қалай жүреді?», «Емтиханнан өте алмасам ше?», «Сұраққа дұрыс жауап бере алмасам қайтемін?» тәрізді сан сұрақтармен мазаланып, жүрегі аттай тулап жүретіні ақиқат.

Емтихан тапсырып, үлкен сыннан өткен әр студентті түрлі күйде кезіктіресіз. Бірі жақсы баға алғаны үшін төбесі көкке жетіп жатса, бірі ойдағыдай тапсырып шыға алмадым деп санын соғып жатады. Осындай толқыныстың үстінде жауапты сынақтан өткен әр факультет студенттерінің алған әсерлерімен бөліскенді жөн көрдік.

Жадыра Боранқұлова, филология факультетінің 1 курс студенті:

- Шынымды айтсам, алғашқы емтихан алдында қорқыныш болды. Себебі ол менің ең бірінші емтиханым еді. Желтоқсанның 19-ы күні құқық пәнінен емтихан тапсырдық. Емтиханнан 100 ұпай жинадым. Өте қуаныштымын. Ол өзімнің жақсы дайындалғанымның нәтижесі деп ойлаймын. Абай атамыз айтқандай: «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап». Сол себепті әрқашан да өз-өзімізге сенімді болуымыз керек деп ойлаймын.

Саида Габитова, жаратылыстану-география факультетінің 1 курс студенті:

- Алғашқы сессияның алдында ҰБТ тапсырғандай қатты қобалжыдым. Бірінші емтихан ауызша өтті. 5-ке тапсырдым. Кейін тест тапсырдық. Тест оңай болғанымен, сұрақтар аздап түсініксіз болды. Сол себептен өте жақсы баға ала алмадым. Жүрек дүрсілін ұлғайта түсетін сәтіміз - Қазақстан тарихынан мемлекеттік емтихан. Қорқыныш пен қобалжудан өз-өзімізді қолға алу қиынға соқты. Алайда емтиханды жақсы бағаға тапсырдық. Желесі емтихандарды одан да жақсы тапсырамыз деп ойлаймын. Жазғы сессияда барлық студенттерге сәттілік тілеймін.

Нұрғұл Әділгереева, тарих және құқық факультетінің 1 курс студенті:

- Сессияны алғаш рет тапсырып тұрғандықтан, әрине, қобалжыдық. Әрбір емтихан алдында түнімен көз ілмей, тыңғылықты дайындалдық. Тест сұрақтары қиын болған жоқ. Барлығы да өткен материалдар. Сынақ алдында қорқыныш болса да, емтиханға кірген кезде, барлық қорқыныш жойылып, ойдағыдай тапсырып шықтық.

Нұрхат Орашев, физика және математика факультетінің 1 курс студенті:

- Кез келген емтихан тапсырушы секілді бәріміздің бойымызда нашар баға аламыз ба деген қорқыныш сезімі болды. Дегенмен, тыңғылықты әзірліктің нәтижесінде іштегі қорқу, қобалжуды басып, сынақ алаңына кірдік. Нәтижелер көрсеткендей, нашар

баға алған ешкім болған жоқ. Тағы бір қорқыныштысы - тарих пәнінен мемлекеттік сынақ еді. Қобалжығаннан студенттер жаттаған билеттерін ұмытып жатты. Уақытылы жинақталған ойдың арқасында бұл белесті де бағындырдық.

Перизат Аққұлова, педагогика және психология факультетінің 1 курс студенті:

- Студент атанғаннан кейінгі ең бірінші сынақ өте әсерлі болды. Емтиханға дайындық, түнімен көз ілмей тест жаттау, емтиханнан қандай баға аламын деген сұрақтар - барлығы сессия кезіндегі қызықты сәттер деп есептеймін. Емтиханды жақсы тапсырамын, ата-анамның, ұстаздарымның үмітін ақтаймын деген мақсатта барлық пәннен емтиханды өте жақсы деген бағамен аяқтадым. Алдағы уақытта да емтихандарды өте жақсы деген бағаға тапсырамын деген ойдамын.

Ақжүніс Сержанова, мәдениет және өнер факультетінің 1 курс студенті:

- Шынымды айтсам, бірінші емтиханнан барлық студент сияқты бір қорқынышты нәрсені күткен. Бірақ, таңқаларлығы сессия өте жақсы өтті. Бәрінен бетер тарих пәнінен мемлекеттік емтиханнан сескендік. Бақытымызға орай барлығымыз да 5-ке тапсырдық. Мұғалімдер біздерге жылылықпен, түсіністікпен қарады. Сол үшін оларға көп рақмет.

Райгүл Садырова, экономика және басқару факультетінің 1 курс студенті:

- Сессия мезгілі қиын болған жоқ. Алғашқы емтихан болғандықтан, біраз қорқыныш болды. «Қалай өтеді екен?», «Емтихан қиын болар ма екен?» деп тобымызбен уайымдап жүрдік. Бірінші тарих пәнінен мемлекеттік емтихан болды. Дипломға түсетін баға болғандықтан, күшімізді салып дайындалуға тура келді. Ең қиыны сол болар деп ойлады. Емтиханды 5-ке тапсырғандықтан, қалғандары қиын болып көрінбеді. Мектептегі ҰБТ-мен салыстыра қарасақ, емтихан әлдеқайда оңай.

Ольга РАПАЦКАЯ, филология факультетінің 1 курс студенті

Табиғатта серуендегенге не жетсін? Салқыны мен бораны, аязы мен суығы қатар келетін еліміздің батыс өңірінің жастары ауа райының көңіл-күйіне қарамастан серуендеуге құмар. Күн райының ыңғайына жығылмай, салауатты өмір салтын ұрандатқан жастар қысқы демалыстарын мейлінше белсенді өткізуде. Қаңтар айының 11-ші жұлдызында Махамбет Өтемісоватындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің белсенді және әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан студенттері салауатты өмір салтын қолдау мақсатында «Агробииостанция» демалыс кешеніне барып қайтты. Ауа райының қолайлығына байланысты студенттер шаңғымен сырғанап, спортқа деген сүйіспеншіліктерін көрсетті. Студенттер «Болашақ» және «Арғымақ» атты екі топқа бөлініп спорт түрлерінен, шаңғы тебуден өзара сынға түсті.

Студенттер ақ қырауға толы далада өткізген қуанышты сәттерін естен шығармақ емес. Олардың ой-пікірлеріне құлақ түрелік...



Тылсым табиғат аясындағы бір күн



Гүлшат Үмбетжанова, математика мамандығының 2 курс студенті:
- Мен үшін бұл демалыс өте қызықты өтті. Табиғатты тамашалап, айналамен таныстық. Қардан бөрік кигендей ағаштар, жерге мақта төгілгендей ұлпа қарлар - бәрі табиғатқа тіршілік беріп тұрғандай. Естелік үшін барынша көп суретке түсуге тырыстық. Ойнап, күліп өткен уақытымызда өзімізді кішкентай баладай сезіндік.



Ерсұлтан Жұмаев, музыкалық білім мамандығының 1 курс студенті:
- Студенттік кез — кез-келген адамның өміріндегі ұмытпмас уақыттардың бірі екені даусыз. Қыс мезгілінде белсенді студенттермен бірге топтық шаңғы теуіп, спорттық жарыстарда бақтарымызды сынап, бір күндік серуенімізді сәтті өткіздік. «Агробииостанция» демалыс кешенінде өткен бір күн — студенттік өмірімдегі ұмытпмас күн болады деп айта аламын.

Көңілдеріне нұр болар ән айтылып, бір-бірімен ойын қызар білікті сайыстарға қатысқан студенттер кешке таман үйлеріне қайтты. Университеттің белсенді студенттері алдағы уақытта тағы да аталмыш демалыс кешенінде студенттермен түрлі сайыстар өткізетінін жоспарлауда.

От сессии... До сессии...

Два раза в год в жизни каждого студента Западно-Казахстанского государственного университета им. М.Утемисова наступает нелегкое время. Это период сдачи экзаменов.

Для факультета «Истории и права» зимняя сессия прошла с 17 декабря по 19 января. Чтобы проверить знания учащихся, экзамен проводится по тем дисциплинам, которыми они занимались последние 15 недель. Экзамен обычно студенты сдают с помощью компьютера в тестовой форме, а творческие экзамены, экзамены по методическим и по лабораторным предметам сдаются устно. 621 студент факультета «История и право» сдали сессию. Из них 57 имеют государственный грант, а 564 — учатся на платной основе. На зимнем рубеже проверили знания также магистранты кафедры «История РК». На 1 курсе магистратуры учатся 9 (из них 8 на гранте и 1 - на платной основе) магистрантов. Было интересно узнать, как сдали наши студенты сессию? Некоторые поделились своим впечатлением.

Гульжан:

-Это уже не первая сессия для меня, так что новых впечатлений не получила. Она прошла как обычно, сдавали в тестовой форме на компьютере. Трудностей не было, вот только я сама плохо готовилась и сдала все на 4.

Таня:

-Сессию сдала я на отлично, как я планировала. Все прошло честно. С коррупцией не сталкивалась. В этом году на экзамене проверяли не только операторы, но и приходили другие преподаватели. Короче, проверка была честная. Преподаватели все приходили вовремя.

Арман:

-Когда я еще не учился в Вузе, мой брат -студент часто говорил «у студента есть 2 состояния: Есть и спать. Но есть еще и третье — сессия: когда не есть и не спать». Тогда я не понимал о чем он? Теперь полностью согласен...

Динара:

-Как я сдала зимнюю сессию? Сессия была не сложная, как и весь семестр. Ждала отличных результатов по всем дисциплинам, но увы. На последнем самом легком экзамене почти вся группа пролетела, и сдали на хорошо. Так что, как говорится, никогда не отпускай руки, пока не закончишь дело...

Ербол:

-Это был моя первая сессия!!! Было трудно. Но если готовиться усердно, можно сдать на отлично. Я лично сам, и моя группа сдали все экзамены на отлично. И мы очень рады. Это был наш первый опыт. Но самым трудным был гос.экзамен. Вот тогда мы не на шутку волновались. Но благодаря подготовке, мы группой сдали на отлично. Этот самый трудный на наш взгляд экзамен.

Опрос провела Айнаш БЕЙБИТКЫЗЫ, студентка 3-го курса спец. «Социология»

Моя первая СЕССИЯ...

Выдержав вступительные экзамены, я стала студенткой Западно-Казахстанского государственного университета имени М.Утемисова. Началась новая для меня и моих сверстников студенческая жизнь. Раньше я много слышала от старших товарищей, от родителей, от сестры, какая была веселая и трудная, с юмором и порой с грустной ноткой, живая, полная оптимизма студенческая пора у них, а теперь...

Вот теперь и у меня! Быстро прошла торжественная линейка, мы познакомились с однокурсниками, с одногруппниками. И пошли занятия, лекции, семинары, перемены, общения и т.д. Так, совсем незаметно и быстро пробежали дни за днями. И вот наша первая студенческая сессия.

Вначале были экзамены по основным предметам - русскому языку, английскому языку. Все происходило как в школе (нас иногда учителя таким образом проверяли) - вытягивали билеты, готовились и отвечали. И с этим справились! Дальше - больше! Дальше - лучше! Еще лучше! По специальной программе нашего университета «Махамбет» остальные экзамены сдавали за компьютерами. Это программа только для студентов нашего вуза, разработанная преподавателями, с учетом всех особенностей и нюансов работы нашего вуза. Мы молодцы, справились и с этим этапом.

А впереди самый важный, можно сказать, самый главный — государственный экзамен. Готовились усердно и тщательно, благо и времени было достаточно. Настал день сдачи. Все мои однокурсники такие серьезные, в глазах ожидание, у кого-то страх. А результат хороший!

Спасибо вам, наши преподаватели, за то, что научили, за то, что поддерживали, за то, что вселили в нас надежду и уверенность. Студенческая жизнь продолжается...

Саулеш ИСМАГУЛОВА, студентка 1-го курса группы 07104, факультета «История и право»

«Студенттік дәуреннің дәмі қандай?»

Студенттер үшін әр күн – мереке. Соның ішінде төл мейрам ерекше. Әр студент өз мерекесін түрлі жағдайда тойлап, студент деген сөзге әр түрлі анықтама беріп жатады. Балғын балауса балалық шақтан үлкен өмірге қанат қаққан студенттерімізге студенттік өмір қалай әсер етуде, студенттік дәурен дәмі ащы ма, тұщы ма? Осы сауалдарға жауап іздеп көргенбіз. Солардың пікірлеріне назар аударалық.

Болатбек ЖАНАЙДАР, I курс студенті:

- Мектеп қабырғасын жаңа бітіріп, студент атандық. Адамның ең қызықты да, ең жалынды шағы жастық шақ болса, соның ішіндегі ең жақсы кезең-студенттік кезең. Студенттік кезең туралы небір айтулы жазушылар, небір мықты ақындар да жазып, тамсана жырлады. Ал, менің студенттік кезеңім киелі оқу орным Махамбет Өтемісұлы атындағы университеттің 80 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл да болса жақсылықтың нышаны деп білемін. Жалпы маған бұл кезең қатты ұнайды.

Асылай ЕРМАНОВА, I курс студенті:

- Студенттік өмір оқушылық кезеңнен әлдеқайда қызықты, қиыншылығы басым уақыт. Мен мектеп бітіріп, осында оқуға келгенімде студент болу немесе университет қабырғасында жүріп-тұру ережесінен, ЖОО-ның бағдарламаларынан бейхабар едім. Уақыт өте келе кредиттік жүйенің мән-мағынасына түсіне бастадым. Мектепте оқығанымда мен өз үйімде, ата-анамның жанында болдым. Ал енді барлығынан жыраққа, тіпті маған бейтаныс жердегі ЖОО-на оқуға келдім. Маңғыстаудың Жаңаөзенінен келген. Мен мұнда жатақханада тұрып жатырмын. Көптеген адамдармен танысып, өзіме жаңа достар таптым. Маған, университетімдегі оқытушылар да, гркпаластарым да ұнайды. Мен БҚМУ студенті екеніме қуаныштымын.

Айгерім СЕЙІТҚАЛИЕВА, I курс студенті (Атырау):

- Студенттік кезең-адам өмірінің ерекше кезеңі. Басында білім қуып жан-жақтан келген біз үшін жаңа ортаға үйрену қиындау соқты. Бастапқы да танысқан достарымыз жерлесіміз болып, бір облыстан болсақ болғаны аға-апамызды көргендей мәз болатынбыз. Ал, қазір бәрі басқаша. Студенттік кезеңім қызықты өтуде. Оқушылық кезең басқаша, студенттік кезең тіпті басқаша екен. Осындай Ақжайық өлкесінің студенті атанғаным мақтанамын, мақтана тұрып қасиетті қара шаңырағым Махамбет Өтемісұлы атындағы БҚМУ-ды мақтаймын.

Бақдаулет ЕРАЛЫ, I курс студенті (Ақтөбе):

- Ата-анадан жырақтап, шалғайға білім қуу мақсатымен Ақжайық өңіріне аяқ басқанмын. Студенттік өмір-құпиясы мен тосын жайттарға, қызығы мен қиыншылығына толы ұмытылмайтын күндер екен. Алғаш еңселі білім ордасына кіргеннен бастап, санамда білім нәрімен сусындау деген сәуле шоғы алаулағандай. Жаңа достар, жаңа қала өмірдің жаңа парақтары ерекше жаңашылдықпен ашылууда. Студенттік өмір шектеулі болғанымен, шектеусіз қызыққа толы екенін ұғынып жатқандаймын. Осынау албырт шақта, алып ұшқан сезімдермен, жастыққа тән ерік-жігермен жалындап әрқашан алдыңғы қатарда болайық.

Айнұр МАҒЗОМОВА, I курс студенті (Атырау):

- Бұрын жасы үлкендер «студенттік кез ең қызығы мен шыжығы қатар жүретін қызықты кез» дегенде аса түсіне бермеуші едім. Шын мәнінде оған өзім студент болғанымда түсіндім. Өзім армандаған салама түсіп, студент атандым. М. Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің шет тілі: екі шет тілі мамандығының I курс студентімін. Жатахана есігін ең алғаш ашып, орналасқан сәттегі ерекше сезімді сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ең алғаш бөлмеме орналасқанымда, бөлмелес қыздарымның естеліктеріне аузымды ашып, таңданып, сілейіп, үнсіз отырып қалғанымды бүгінде күлкімен еске аламыз. Бұл менің бақытты студенттік шағым.

Ақтолқын БИСЕШОВА, I курс студенті (Атырау):

- Студенттік өмір-өзіндік өрнектерімен ұмытылмас сәттерге, шаттыққа, қайта айналып келмес жылдарға толы ерекше кезең. Ата-анадан ұзап, ауылыңды артқа тастап білім алу үшін, жақсылықты үйреніп, жамандықтан жирену үшін үлкен қалаға келесің. Өнерге қанат қақтырған, өмірден орын таптырған аяулы ұстаздарың мен ата-анаңның үкілеген үмітін ақтау жолында аянбай еңбек етуіңе тура келеді. Сабақтан кешіккен күндер, ауылыңды сағынып терең ойға батқан күндер, қарның ашып, ауылдың жолын тосқаның. Үйрене алмай қиналғаның, бәрі де студенттік өмірге тән ғасырға бергісіз керемет уақыттар.

Гүлфани ХАМЗИҚЫЗЫ,

М. Өтемісұлы атындағы БҚМУ-дың 2 курс студенті

Білімгі мыңды жығар

Кураторымыз Жумағалиева Гүлжазира Ермеқызының ұйымдастыруымен өткізілген кураторлық сағатта Елбасының дәрісі және Бағдарламасы талқыланды.

Елбасының білім-ғылым, жаңа технологиялар, медицина, халықтың бірлігі, дағдарыс, еңбек өнімділігі жөнінде айтқан мәселелері осы тәрбие сағатында жалғасын тауып, студенттер арасында қызу талқыланды. Білімнің сапасы жөнінде Бақытова Айда сөз қозғаса, алға қойған мақсаттарға жету жолында өз мамандығыңды дұрыс таңдай білу және мақсатыңа жету жолында аянбай еңбек ету қажет екендігін Табылдиева Меңтай атап өтті. Өз ойларын жеткізуде Ажибаева Шаттық және топ студенттері алдына жан салмады. Қазіргі кезде басты орын алатын: білім, ғылым, инновация триадасы екені рас. Білімнің біздің өмірімізде алатын орны өте зор. Білім арқылы біз көптеген биіктерді бағындыра аламыз. Елбасымыз жастарға көп көңіл бөлуде. Жастардың шетелде білім алуларына, өздерін дамытуға мүмкіндік мол. Кәсіптік және техникалық мамандарды қайта даярлау жастар арасындағы жұмыссыздықты жоюға мүмкіндік беріп, жастарға жол ашады. Бұл - жастар үшін де, бұқара халық үшін де жақсы бастама!

Гүлжанар РАУШАНОВА,
мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 1 курс студенті

МҰРАЖАЙ – ЖАЛЫҚ ҚАЗЫНАСЫ

Біз мәдени-тынығу жұмысы мамандығының студенттері жетекшіміз Гүлжазира Ермеқызымен қаламыздағы Астана қаласынан келген Өлкетану мұражайына бардық. Бұл мұражай - тағылымы мол мұражай. Онда керегі мол заттар, тарихымыздың шежіресінен сыр шертер ескерткіштер, құнды мұралар көп.

Қазбек би айтпақшы: «Біз, қазақ, мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз». Елімізде жастарға рухани тәрбие беруде еңбегі сіңетін осындай мұражайлардың барына мақтана да, шаттана да қарайтын болдық. Осы мұражайда ұрпағын сақтап қалған батыр құралдары (айбалта, найза, дулыға, семсер), сол кездегі қыз-келіншектердің әшекей бұйымдары (шолпы, сырға, білезік, сақина, т.б.), еліміздің 4 томдық Заңдар жинағы кітабы, әртүрлі заттармен әшекейленген киіз үй және 2011 жылы өткен қысқы олимпиада ойындарында киген қазақ спортшыларының киім үлгілері, жетістіктері, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қаламы, смокингі, кітаптары және тағы да басқа халқымыздың құнды заттары сақталған.

Біз өзіміздің бос уақытымызды ұтымды пайдаланып, халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, тарихымыздың өткені мен бүгінгі жалғап отыратын осындай мәдени орталыққа барғанымызға өте қуаныштымыз. Жасөспірімдер мен жастар бос уақыттарын текке өткізбей мұражай, театр секілді мәдени ошақтарға жиі барып тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

Ел еңсесін еселеу жолында аянбай еңбек етіп, білімнің алтын қазығын игеру - біздің міндетіміз. Олай болса, күш-жігеріміз бен білімімізді сала отырып, халқымыздың тарихи шежіресін шертетін құнды мұраларын сақтап қалуға үлес қосып, ел болашағы үшін еселі еңбек жұмсайық деймін.

Ақманар АЙДЫНҒАЛИЕВА,
мәдениет және өнер факультетінің 1 курс студенті

Мой любимый ГОРОД

Уральск... Милый сердцу родной город. Как нет двух похожих людей, так нет и двух похожих городов. Для одних город – это внутренний мир, неповторимый дух города, дух предков, для других – любимые улицы, дороги. Я родилась и живу в замечательном городе, одном из самых красивейших городов Казахстана. История Уральска - духовное наследие, единство веры и прожитых лет, которые сохранены на века.

Уральск – моя малая родина, мирный уголок, где я смогу укрыться от любых невзгод и неприятностей, где я черпаю силы, получаю духовный заряд. Я думаю, Уральск стал для меня любимым краем именно потому, что он многолик. На этой маленькой территории соседствуют и зримо присутствуют все страны и эпохи. Эта земля может быть лучшим учителем по истории и географии. Уральск предстает перед нами средоточием духовной культуры и истории.

Уральск - любимый и обожаемый мною город, потрясающий и восхищающий меня многообразием, ритмом и кипением жизни, **это Родина** в полном смысле этого слова. Это не просто слова, это глубокая взволнованность человека, созерцающего любимый город. Это город, близкий мне по духу, город, где я свободно дышу и радуюсь каждому новому дню, проведенному в нем, город, которому я не перестаю удивляться и восхищаться.

Несмотря на обилие народных культур, многоликость



жителей, Уральск олицетворяет собой дружбу народов, сокровищницу культурных ценностей. «Знание языка и культуры другого народа делает человека равноправным с этим народом, он чувствует себя вольно...» - писал Абай. Эти слова должен знать и помнить каждый человек.

Дарья Донина,
выпускница 11 «Б» класса СОШ №21 2012 года,
студентка 1 курса факультета «Педагогика и психология» ЗКГУ

Привычные переживания во время сессии для студентов второго-четвертого курсов непонятны первокурсникам. Первые в их жизни экзамены в стенах университета – довольно серьезное испытание. Причем испытание это неизбежно. Впрочем, подойти можно к этому делу и по-другому. Например, как к празднику знаний. Но вот экзамены позади. Кто-то сдал на пятерки, кому-то повезло меньше. Но впечатления все же были у всех яркие. Сегодня «Перемена» о впечатлениях от зимней сессии интересуется у первокурсников.

Айжаркым Бактыгереева, филолог, специальность «Казахский язык и литература»:
-Сначала я боялась. Старшекурсники пугали, что сессия очень и очень сложная. Но мама меня поддерживала так, что все было хорошо. Самое главное - учиться и не пугаться. Сессия оставила после себя положительные впечатления. Ернар Досмухамбетов, экономфак, специальность «Менеджмент»:
-Впечатления не очень хорошие. Я не привык еще к такой системе, к отношению. Думал, будет легче.

Батырбек Айғалиев, физмат, специальность «Информатика техническая»:
-Ожидал, что будет хуже. Самым сложным было сдавать казахский язык и историю, потому что устно. Ничего особенно не боялся. Впечатления остались хорошие.

Ольга Панищева, педфак, специальность «Психология и педагогика»:
-От сессии у меня приятные впечатления. Как оказалось, ничего страшного в сессии нет, экзамены как экзамены.

Анна Криуля, филфак, специальность «Филология: русский язык»:
-Это была паника. «Взрыв мозга». Я очень боялась сделать что-то неправильно, особенно в тестах. Мысль «не сдам» была самой первой. Теперь знаю, если учишь – то ничего страшного нет. Дежурными на «Перемене» были **Яна Гумарова и Ләззат Шыңғалиева**, студентки 1-го курса специальности «Филология: русский язык».

ПЕРЕМЕНА



■ Современная школа

Работа с одарёнными детьми

(за строкой Послания Президента «Стратегия «Казахстан-2050»)



Гульмира Тасеменова, учитель СОШ № 21 г. Уральска

отмечает, что «глобальные изменения во всех сферах жизни общества обострили потребность в одарённых, творческих людях». В рамках модернизации образования изменяются методы и формы УВР, улучшается организация воспитания, обучения.

В средней общеобразовательной школе №21 создаются условия для детей с разными интеллектуальными возможностями, учитывается разнообразие познавательных интересов учащихся, систематически ведётся работа с детьми, имеющими высокую мотивацию к учёбе, проявляющими признаки одарённости в разных областях науки, искусства.

Результатом этой работы можно считать достижения, которые ежегодно демонстрируют учащиеся нашей школы в мероприятиях городского, областного, республиканского уровней. Традиционно отличаются учащиеся школы в спортивных соревнованиях.

